



ИГІЛІГІ МОЛ ЖОБА

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



БОЛАШАҚ – БАЛАБАҚШАДА

5-БЕТ | БІЛІМ



ҚАЗАҚЫ ТАҚЫРЫПТАҒЫ ҚОЙЫЛЫМ

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Әрбір адам баласы өз ұлтын сүюге тиіс: өз ұлтына деген терең сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды терең тану, құрметтеу мен сүю көтеріледі.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ

”

№153
(4741)
Сейсенбі
24 желтоқсан
2024 жыл



ASTANA

ELORDA AQPAPAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Алдағы жылы қазақстандықтар Қостанайда салынып жатқан KIA зауытынан шығатын жаңа көліктерді мінетін болады.

Қазақстанда ашылатын KIA зауыты Корея Республикасынан тыс алғашқы бірлескен кәсіпорын болып отыр. Зауыт құрылысы өткен жылы қараша айында басталған болатын. Алдағы жылы зауыт толық салынып бітеді. Ал алғашқы автомобиль 2025 жылдың жазында шығарылатыны жоспарланған. Жаңа зауыт жылына 70 мың көлік шығарады.



Метеорологтардың мәліметінше, 24-26 желтоқсанда еліміздің батысында, солтүстік-батысында және шығысында қар жауады. Ал республиканың оңтүстік-батысында жаңбыр жауатыны болжанады.

«Қазгидромет» мәліметі бойынша Ақмола, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстары аумағында ауа температурасы айтарлықтай төмендеп, 20-35 градус аяз болады.



8

ШАҢҒЫ ТЕПКЕН ШЫНЫҒАДЫ

Елордада шаңғы тебу маусымы ашылды. Қалалық орталық саябақта ұйымдастырылған шаңғы мерекесіне жүздеген астаналық жиналды. Шаңғыға құштар әуесқойлар арасындағы маусымашар жарысқа қатысушылар арасында 83 жастағы қария мен 9 жасар бала болды.



Елорда тұрғындары мен қонақтары үшін Жаңа жыл түнінде отшашу болады. Бұл туралы қала әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

«Жаңа жылдық отшашуды 31 желтоқсан күні өткізу жоспарланған. Жақында ғана қаладағы 30-дан астам қоғамдық кеңістікте шыршалардың шамы жағылды. Қала Жаңа жыл мерекесін өткізуге дайын» деп атап өтті елорда әкімі Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында.

БЖЗҚ ЕСКЕРТУ ЖАСАДЫ

Соңғы уақытта әлеуметтік желілерде және онлайн-хабарландыру платформаларында азаматтардың кез келген санаты үшін ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын зейнетақы жинақтарын алу бойынша делдалдық қызметтерді төмен пайызбен көрсету туралы ұсыныстар таратылып жатыр.

Осы жағдайға байланысты «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ өз салымшылары мен алушыларына ескерту жасады. Зейнетақы жинақтарын алу Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексында қатаң белгіленген жағдайларда ғана мүмкін. Ең алдымен, бұл – зейнет жасына толу, I немесе II топтағы мерзімсіз мүгедектік, шет

елге тұрақты тұруға кету, мұрагерлік. Зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және/немесе емделуге заңнамамен белгіленген шарттар сақталған жағдайда, төмендегі азаматтардың санаты пайдалана алады: – ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын жинақтары бар салымшылар;



– зейнетақысы жоғалған табыстың (бұрын алынған жалақысының) кемінде 40% құрайтын зейнеткерлер – олар шотта қалған жинақтарының 50% дейін пайдалана алады; – еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлер (жинақтарының 100% дейін пайдалана алады); – зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан салымшылар (жинақтарының 100% дейін пайдалана алады)» делінген хабарламада.

Зейнетақы жинақтарын тұрғын үйге немесе емделуге мақсатты пайдалану тек уәкілетті операторлар – екінші деңгейдегі банктер арқылы мүмкін болады. Тиісінше, делдалдық қызметтер қажет емес. Бұл ретте БЖЗҚ ешқандай ақы алмайды.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 545.19 \$ USD/KZT 524.02 ₸ RUB/KZT 5.09 ¥ CNY/KZT 71.82

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№153 (4741) 24/12/2024 Сейсенбі



ІРІ ЖОБАЛАР ЖӨНІНДЕ ЕСЕП БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Энергетика министрі Алмасадом Сәтқалиевті қабылдады. Президентке ведомство жұмысының негізгі қорытындылары мен еліміздегі отын-энергетика кешенін дамыту жоспары, сондай-ақ мұнай-газ және энергетика салаларындағы ірі жобалардың жүзеге асырылуы жөнінде ақпарат берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа жылыту маусымының барысы және жылу-электрмен қамту бойынша ірі нысандардың жұмысы туралы баяндалды.

Мемлекет басшысы жылыту маусымын ерекше бақылауда ұстауды және энергетика инфрақұрылымын жаңғыртуға қатысты жобаларды іске

асыруды тапсырды, сондай-ақ Қазақстандағы атом электр станциясының құрылысы жобасын жеделдетудің маңызын атап өтті.

АСТАНАЛЫҚТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Астана қаласының тұрғындарымен кездесіп, ғылым мен жоғары білімнің дамуына бағытталған бастамаларды талқылады. Кездесу барысында «Келешек» бағдарламасының жүзеге асырылуы, шетелдік университеттердің филиалдарын ашу, ғалымдарды әлеуметтік қолдау және жатақхана мәселесі сияқты тақырыптар қозғалды.

Министр өз сөзінде Қазақстандағы ғылым, жоғары білім және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы негізгі жетістіктер мен нәтижелерге шолу жасап, «Келешек» бірыңғай білім беру жинақтау жүйесін енгізу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы айтып, бұл жүйенің ел болашағы үшін маңызын ерекше атап өтті.

«ҚР Парламенті Сенаты жақында «Келешек» жинақтау жүйесінің қызметін реттейтін түзетулерді мақұлдады. Жинақтау жүйесі Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында жүктелген міндеттерді іске асыру үшін әзірленген. Бұл жүйе ата-аналарға балаларының сапалы білім алуын алдын ала жоспарлауға мүмкіндік береді.

Мемлекет бастапқы білім беру капиталын және жыл сайынғы сыйақыны қамтамасыз етеді» деді министр.

Сондай-ақ министр шетелдік университеттердің филиалдарын ашу және технологиялар трансферті үшін жағдай жасау арқылы Қазақстанды ірі академиялық орталыққа айналдыру жөніндегі министрліктің жоспарларын атап өтті. Саясат Нұрбек шетелдік университет филиалдарының ашылуы транс-үлттық білім беру саласындағы қарқынды дамып келе жатқан үрдіс екенін айтты. Сонымен қатар елордада іске қосылып жатқан беделді шетелдік университеттердің филиалдарына тоқталды.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы және жоғары

білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде шетелдік жоғары оқу орндарының филиалдарын ашу жұмыстары жүргізілуде. Биыл Астанада бірқатар маңызды оқиға орын алды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Астана халықаралық университеті базасында Бейжің Тіл және мәдениет университетінің филиалын ашты. Сонымен қатар инновациялық білім беру тәсілдерімен танымал британдық Coventry University-дің жаңа кампусы іске қосылды. ЕҰУ базасында «Лу Бань шеберханасының» Қазақстандағы екінші шеберханасын ашу жұмысы жүріп жатыр» деді ведомство басшысы.

ӘУЕ КӨЛІГІ САЛАСЫНДА МӘСЕЛЕ КӨП

Мәжілісте еліміздің көлік-логистика әлеуетін дамытуға арналған Үкімет сағатында депутат Нұртай Сабильянов әуе көлігі саласындағы түйткілді мәселелерді ашық жария етті.

«Әуе көлігі саласында мынадай мәселелер бар: әуежай жабдықтарының, техникалық құралдары мен инфрақұрылымының ескіруі; авиатотын құнының жоғары болуы; тиімсіз жоспарлау; ұшақтардың жетіспеушілігі. Бұл мәселелерді депутаттар жиі көтеруде. Әсіресе Air Astana мен FlyArystan-ның жиі кешігуі, билет құнын қайтаруда тұтынушылар құқығының бұзылуы үнемі болып жатыр. Сондықтан осындай мәселелерге министрлік тарапынан шара қолданылуы керек» деп мәлімдеді Нұртай Сабильянов.

Халық қалаулысы бұл салада кешенді тәсіл және сындарлы ведомстволарлық өзара іс-қимыл қажет деді.

«Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың атқарып отырған шаруасын

көріп отырмыз. Алайда қазіргі жағдайда бұл жеткіліксіз болып тұр. Кешенді тәсіл және сындарлы ведомстволарлық өзара іс-қимыл қажет. Тек жұмыла жұмыс істеген кезде ғана сапалы инфрақұрылым құрып, осы бағытқа салынған инвестицияның тиімділігін қамтамасыз ете аламыз» деді Мәжіліс депутаты.

Мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршин Air Astana әуе компаниясының қызметін сынға алды.

«Шынында, Air Astana біздің аспанымыздың құдайы болып алған. Билеттің бәрі жақындағанда көтеріледі. Ол арақашықтыққа байланысты деген бос әңгіме. Билет жақындағанда қалай көтеріледі? Жақындаған кезде көтерілмей керек, бағасы түсуі тиіс. Өйткені билетті тезірек өт-

кізу керек қой. Бұлар керісінше жұмыс істейді. Air Astana, лоукостер мәселесін майшамен қарау керек. Фостер мырза (Air Astana компаниясының басшысы), сіз шаңыраққа қараңыз. Сіз осы мемлекеттің заңына бағынуыңыз қажет. Мұсабаев екеуміз (Мәжіліс депутаты Самат Мұсабаев) 1 сағат кешіккенге 3 пайыз айыппұл салатын норма енгіздік. Енді қызықты қараңыздар, 2 тамызда Air Astana 12 сағатқа кешікті, әлі күнге дейін айыппұл ала алмай жүрмін. Неге? Олар қитұрқы сызба әзірлеп қойған. Сайтқа кіріп өтінім беріп, ақшаны алу қиын. Мен әлі жүрмін. Оны аламын да. Ал енді алатын болсаңыз, «жазбаларыңызды, ақшаңызды ешкімге жарияламау керек» деп шарт қояды» деді депутат Үкімет сағатында.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» МИЛЛИОНДАРДЫ БІРІКТІРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен биылғы сәуір айынан бастап республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы бастау алды. Іс-шара еліміздегі экологиялық ахуалды жақсартуға, халықтың экологиялық мәдениеті деңгейін арттыруға және азаматтарды қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне тартуға бағытталған. Акция еліміздің барлық өңірін қамтып, тұрақты экологиялық болашақ негізін қалады.

Осы жылдың наурыз-қараша айлары аралығында ұйымдастырылған акция 5,83 млн-нан астам адамның басын біріктірді, бұл ел халқының едәуір бөлігін құрайды. Іс-шаралар аясында жаппай сенбіліктер өтті, олардың барысында 1,1 млн тоннадан астам қоқыс жиналып, 1,6 млн-нан астам ағаш

ЭКОЛОГИЯНЫ ЦИФРЛЫҚ ҚОЛДАУ

Жобаның ерекше жетістігі азаматтарға экология саласындағы проблемалар туралы хабарлауға және оларды шешуге қатысуға мүмкіндік беретін @TazaQazBot цифрлық платформасының құрылуы болды. Осылайша, бір

дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітілді. Бұл құжат экологиялық саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды. Тұжырымдаманың басымдықтарының бірі жастарды экологиялық жобаларға тарту болды. Жыл бойы лекциялар, эко-сағаттар және экологиялық зертханаларға экскурсиялар



отырғызылды. Мемлекеттік құрылымдар деңгейінде де, еріктілер мен жеке ұйымдарды қоса алғанда, жұртшылық арасында да белсенді түрде жұмыс жүргізілді.

АҒАНЫҢ ЛАСТАНУЫМЕН КҮРЕС

«Таза Қазақстан» акциясы аясында заңсыз қоқыс үйінділерін анықтау бойынша рейдтер жүргізілді. Аумақтық экология департаменттерімен және жергілікті билік органдарымен бірлесіп көптеген қоқыс орны жойылды. «Таза ауа» рейдтері барысында 482 автокөлік тексеріліп, экологиялық стандарттарды бұзудың 105 фактісі анықталды. 96 жүргізушіге айыппұл мен ескерту түріндегі әкімшілік сипаттағы шаралар қолданылды. Бұл шаралар экологиялық нормаларды сақтаудың маңызды екенін көрсетеді, жол қозғалысына қатысушылардың жауапкершілігін арттырды.

жыл ішінде чат-бот арқылы 7929 өтінім келіп түсті. Олардың ішінде 7061 өтінім орындалды, 168-і орындалу сатысында, 23-і өңделуде және 674 өтінім жойылды. Олардың арасында ең жиі келіп түскен өтінімдер: аумақтарды тазалау – 2142 өтінім, тұрмыстық қоқысты шығару – 668 өтінім, көшелерді абаттандыру – 648 өтінім, жолдарды жөндеу бойынша – 595 өтінім. Өңірлер арасында Алматы көш бастап тұр – 2014 өтінім. Одан кейінгі орында Астана тұр – 1587 өтінім. Үшінші орында Қарағанды облысы – 757 өтінім. Чат-бот экологиялық мәселелерді жедел шешуге ықпал ете отырып, азаматтар мен мемлекет арасындағы диалогтың тиімді құралына айналды.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Қол жеткізілген нәтижелерді нығайту және экологиялық сананы ұзақмерзімді перспективада қалыптастыру мақсатында «Халықтың экологиялық мәдениетін

ұйымдастырылды. Осылайша, биыл 90 мыңнан астам ерікті азамат абаттандыру және көгалдандыру акцияларына қатысты.

Халықтың экологиялық сауатын арттыру мақсатында қалдықтарды қайта өңдеу, ластану деңгейіне мониторинг жүргізу тақырыптарын жария ету, абаттандыру және эковолонтерлікті дамыту жөнінде конкурстар өткізу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ тұжырымдаманың негізгі бағыты – азаматтардың белсенді қатысуына жағдай жасау. Өз тиімділігін дәлелдеген @TazaQazBot секілді цифрлық платформаларды дамытуға ерекше көңіл бөлінген. Одан бөлек, экологиялық нормалардың сақталуына және экологиялық стандарттардың енгізілуіне бақылау күшейтілуде. Сонымен қатар келесі жылы тұрақты экологиялық басқару жүйесін құру үшін тұрақтандыру қорларының жұмысын күшейту көзделген. Аумақтарды көгалдандыру және абаттандыру бойынша ауқымды республикалық акциялар өткізу жоспарланған.

БАЛА АСЫРАП АЛУШЫЛАРҒА ТАЛАП КҮШЕЙЕДІ

Оқу-ағарту министрлігі бала асырап алғысы келетін үміткерлерге қойылатын талаптарды күшейтетін тетіктерді енгізбек.

«2024 жылғы 23 шілдеде ҚР Конституциялық соты «Неке және отбасы туралы» кодекстің 91-бабы 2-тармағының 11) тармақшасын Конституцияға сәйкес емес деп таныды. Бұл бапта тіркелген некеде тұрмаған (ерлі-зайыпты болмаған) ерлерге бала асырап алуға тыйым салынған еді. Бұл ретте, жыл сайын балаларға қатысты құқық бұзу деректері көбейіп келеді. Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметінше, мұндай құқық бұзу әрекеттерінің 99 пайызын ер адамдар жасайды. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, министрлік

ерлі-зайыптыларға бала асырап алуға басымдық құқығын беру мәселесін қарастырып жатыр ма?» деп сұрады сенатор Нурия Ниязова.

Өз кезегінде Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан Конституциялық соттың нормативтік қаулысын іске асыру аясында министрлік жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеуде ерлі-зайыптылардың басымдығын көздейтін бірқатар заңнамалық нормаларды әзірлегенін айтты.

«Үміткерлерге қойылатын талаптарды қатайту бойынша шаралар кешені әзірленді. Бұл тұрғыда бала

асырап алушы мен асырауға берілетін баланың жас айырмашылығын анықтау, бала асырап алушының соттылығы туралы ақпаратты жыл сайын жаңарту, міндетті психологиялық диагностикадан және аккредиттелген ұйымдар арқылы тиісті оқитудан өту ескерілген. Қазір бұл түзетулер мемлекеттік органдармен келісіліп жатыр. Осы рәсімдерден кейін түзетулер пакеті Парламент қарауына енгізілмек» деп түсіндірді вице-министр.

Биыл шілде айында Конституциялық сот ерлер мен әйелдер бала асырап алғысы келетіндердің тізімінде тең дәрежеде екенін жариялады.

МӘСЛИХАТ АРДАГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАДЫ

Қазақстан Республикасы мәслихаттарының 30 жылдығы аясында Астана қаласы мәслихатының ардагерлері, басқарма басшылары, аудандық әкімдік аппараттарының қызметкерлері және елордамыздың коммуналдық кәсіпорындарының өкілдері марапатталды. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Қазақстан Республикасы мәслихаттарының 30 жылдығына арналған мерейтойлық іс-шаралар ел көлемінде жалғасын табуда. Мерейтой аясында елордада 50-ден астам әріптеске естелік сыйлықтар мен «Қазақстан Республикасы мәслихаттарының құрылғанына 30 жыл» төсбелгілері тапсырылды» деп жазды Е.Каналимов.

Мәслихат төрағасы алғашқы сайланым депутаттарының көпшілігі әлі күнге дейін қоғамдық жұмыспен белсенді айналысып, мол тәжірибесімен бөлісіп жүргенін айтты.



ЖАҢА ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК АШЫЛДЫ

Астананың Нұра ауданында жаңа қысқы қоғамдық кеңістіктің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Отбасы демалысына арналған жаңа орын «Зеленый квартал» тұрғын үй кешені ауданында орналасқан. Онда мұз айдыны, сырғанақтар және басқа да қысқы ойын-сауық түрлері бар.



«VI Group компаниясы мен Нұра ауданының әкімдігі «Бухарест» саябағын ресми түрде ашты. Бұл – ауданда орналасқан алғашқы қысқы қалашық. Мұнда мұз айдыны, сыр-

ғанақтар, көздің жауын алар жеті метрлік шырша бар. Саябақтың өзі жаңа жылдық стильде безендірілген. Біз елорда тұрғындары мен қонақтарына қоғамдық кеңістікке шақыра-

мыз» деді VI Group өкілі, жоба жетекшісі Бауыржан Салықов.

Ұйымдастырушылар серуендеп келген жұртқа жаңа жылдық көңіл күй сыйлауға ерекше көңіл бөлді. Келушілерді ертегі кейіпкерлері – Гринч, Грин Санта, Ақшақар, эльфтер мен қояндар қарсы алады. Балалар үшін ерекше ойын-сауық бағдарламасы дайындалды. Әртістер би және театр қойылымдарын орындады.

«Біз Нұра ауданының тұрғындары ретінде мұз айдыны, сырғанақ және мерекелік шыршасы бар жаңа қоғамдық кеңістіктің ашылғанына қатты қуанып отырмыз. Қысқы ойын-сауық әсіресе балаларымызға ерекше әсер сыйлайды. Қазір жұрт таза ауада серуендегенді жақсы көреді. Осы іске ерекше көңіл бөлген аудан әкімдігіне алғысым шексіз. Енді серуендеу үшін алысқа барудың қажеті жоқ, жаңа қоғамдық кеңістік үйімізден бес минут жерде орналасқан» деді Айдана есімді аудан тұрғыны.

Мереке күндері астаналықтар отбасыларымен және достарымен бос уақытын көңілді өткізе алады.

Оқу-ағарту министрлігінің бекіткен ваучерлік қаржыландыруды жүзеге асыру кестесіне сәйкес, Астана қаласы жаңартылған әдістемеге көшуді 2025 жылдың қаңтарында жүзеге асырады. Бұл туралы елорданың өңірлік коммуникациялық қызмет алаңында өткен брифингте Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев мәлімдеді.

«INDIGO» ҚАШАН ЖАҢАРАДЫ?

Қала әкімдігінің ресми сайты таратқан ақпаратқа сүйенсек, ваучерлік қаржыландыру жүйесінде кезек баланың жасы және әлеуметтік мәртебесіне қарай 18 санат бойынша бөлінеді. Әрбір санаттың өзінің кезегі болады. Ваучер итерация (қайталану жолымен) беріледі. Кезек автоматты түрде жылына 2 рет өзектендіріледі.

«Оқу-ағарту министрлігінің бекіткен ваучерлік қаржыландыруды жүзеге асыру кестесіне сәйкес, Астана қаласы жаңартылған әдістемеге көшуді 2025 жылдың қаңтарында жүзеге асыруы тиіс. Осыған байланысты Білім басқармасы 2024 жылдың қарашасынан бастап ваучерлік қаржыландыруды енгізуге дайындық жұмыстарын қабылдап, оның аясында басқарма қызметкерлері мен басшылығы Шымкент және Тараз қалаларына тәжірибе алмасу мақсатында жіберілді. Бүгінгі таңда Білім басқармасымен келісіліп, «Қаржы орталығы» акционерлік қоғамымен ортақ жол картасы бекітілді» деп түсіндірді Қасымхан Сенғазыев.

Сондай-ақ биылғы 17 желтоқсанныан бастап Білім басқармасы «Қаржы орталығы» АҚ-пен бірлесіп, жекеменшік және мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарды мемлекеттік білім беру тапсырысын алу, ваучерлік қаржыландыруға көшу, әдістемелік және техникалық өзгерістерге үйрету бойынша жоспарлы іс-шараларды өткізуде. Іс-шара негізінде «Астана

қаласындағы мектепке дейінгі ұйымдардың ваучерлік қаржыландыруға көшу» тақырыбындағы оқыту-семинарына 600 мектепке дейінгі ұйымның басшылары және жауапты мамандары қатысқан. «Indigo» ақпараттық жүйесіндегі кезекті жаңарту және оны санаттарға бөлу жұмыстары осы жылдың 26-30 желтоқсан аралығында өтеді. Аталған күндері жүйедегі қызметтер қолжетімсіз болады. 24-27 желтоқсан аралығында қаланың 6 ауданында бекітілген келесі мекенжайларда ата-аналар және баланың заңды өкілдері үшін «Ашық есік» күндері сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін жүргізіледі: Алматы ауданы: әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы, Б.Момышұлы даңғылы, 5. Байқоңыр ауданы: №8 мектеп-лицей, С.Сейфуллин көшесі, 50. Есіл ауданы: Д.Қонаев атындағы №66 мектеп-лицей, Д.Қонаев көшесі, 33/1. Нұра ауданы: №79 мектеп-лицей, М.Нәрікбаев көшесі, 3. Сарыарқа ауданы: М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайы, Ә.Мәмбетов көшесі, 1. Сарайшық ауданы: №93 мектеп-лицей, Ж.Нәжімеденов көшесі, 24.

Әдістемелік көмек алу үшін ата-аналарға мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың жанындағы консультативтік пункттерге баруға немесе туындаған сұрақтар бойынша Астана қаласы Білім басқармасы мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөліміне хабарласуға болады: 55-68-64, 55-72-49, 55-68-74.

ПӘТЕРЛЕР МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Астаналық прокуратураның іске араласуымен көпбалалы отбасыларға арналған 15 пәтер мемлекетке қайтарылды деп хабарлады elordainfo.kz. Сот актілерін зерделей отырып, прокуратура мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың орындалуына талдау жасады.

Құрылыс салушы көпбалалы жаңұяларға арналған 15 пәтерді уәкілетті органның балансына беру бойынша шарттық міндеттемелерді 2022 жылдан бері орындамағаны анықталды.

«Прокурорлық қадағалау актісі бойынша 10 пәтер конкурс өткі-

зу және кейіннен көпбалалы отбасыларды қамтамасыз ету үшін уәкілетті органның балансына табысталды, 5 пәтер тапсыру сатысында» делінген хабарламада.

Кінәлі лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

2,6 МЫҢ ЖОЛ ЖҰМЫСШЫСЫ ҚАР КҮРЕУГЕ ШЫҚТЫ

Бас қалада бірнеше күннен бері толассыз қар жауып тұр. Қаланың коммуналдық қызметтері тәулік бойы тоқтаусыз жұмыс істеуде. Бұл туралы елорда әкімдігінің ресми сайты ақпарат таратты.

23 желтоқсанда күндізгі ауысымға 1600-ден астам арнайы техника мен 2,6 мыңнан астам коммуналдық қызметкер қар күреуге шықты. 23 желтоқсанда түнгі ауысымға қар күреу жұмысына 366 жол жұмысшысы мен 1509 арнайы техника жұмылдырылды. Астанадан түнде 4000-ға жуық ауыр жүк рейсі немесе 54390 текше метр қар шығарылды.

Қыс мезгілінің басынан бастап полигондарға 108993 рейс арқылы 1,38 млн текше метрден астам қар шығарылды. Ең алдымен, ережеге сәйкес, жолдарда кептеліс болмас үшін қозғалысы өте қарқынды орындар тазартылады. Сондай-ақ қарқындылығы орташа учаскелер – алаңдар, вокзал маңы аумақтары, тротуарлар, әлеуметтік нысандарға кірме жолдар

және тағы басқа жерлер тазартылады. Орталық көшелерді, жолаушылар көлігі маршруттары жүретін орындарды, аялдамалар мен тротуарларда тазалау да басымдыққа ие.

«Қалада бірнеше жабдықталған қар полигоны бар. Олар өздігінен жүк аударатын техниканың нөмірлік белгілерін оқу жүйесімен жабдықталған, мұнда бейнебақылау камералары орнатылып, жарықтандыру қосылған. Елорда тұрғындары мен қонақтарына жолдарда абай болуды, қауіпсіздік ережелерін сақтауды, дауылды ескерту болған жағдайда алыс сапарларға шықпауды сұраймыз. Төтенше жағдай туындаған кезде «112» нөміріне хабарласыңыз» делінген әкімдіктің ресми ақпаратында.



№153 (4741) 24/12/2024 Сейсенбі

ТӨЛЕНБЕГЕН АЙЫППҰЛДАР БЮДЖЕТКЕ ТҮСЕДІ

Бас қалада ақылы тұрақтар көбейгелі темір тұлпарын тегін қоятын жер таппай қиналғандар саны артты. Осыған орай, «Астананың тұрақ кеңістігі» ЖШС қызметіне көңілі толмаған қала билігі компаниямен келісімшартты бұзуы мүмкін. Бұл туралы ҚР Президенті жанындағы орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында қала әкімі Жеңіс Қасымбек мәлімдеді.



Шаһар басшысы алдымен қалалық бюджеттің тұрақ орындарынан тек 25 пайыз алатыны туралы ақпаратты жоққа шығарды.

– Қаладағы ақылы тұрақтардан түсетін алым бар, олар қала бойынша 500 млн теңгені құрайды. Салықтарды төлеу, тұрақтарды күтіп ұстау және онда жұмыс істейтін қызметкерлердің жалақысын шегергенде, шамамен 150-200 млн теңге қалады. Бірақ әлі де төленбеген айыппұлдардың бар екенін ешкім айтпайды. Олар 2 млрд теңгеден асады. Бұл сома толығымен мемлекеттік бюджетке түседі. Автотұрақтардан түсетін қаржы былайша бөлінеді: жалпы 2,2 млрд теңге, ал 2,05 млрд теңге мемлекетке бөлінеді, – деді Жеңіс Қасымбек. Сонымен бірге елорда әкім-

дігі алдағы жылдың ақпан айынан бастап құрылыс компанияларын төменгі қабаттарда кіріктірілген паркінгті қарастыруға міндеттейтінін айтты. Енді қалада салынып жатқан тұрғын үйлердің барлығында жерасты паркінгті болуы керек.

«Автотұрақ мәселесі 2-3 жылдан кейін тіпті шиеленісуі мүмкін, сондықтан біз осындай шешім қабылдадық. Жаңа жылдан бастап қаладағы құрылыс салушы кез келген компания міндетті түрде төменгі қабатта автотұрақ салуы керек. Жаңа ереже бойынша ақпан айынан бастап қалада паркінгсіз тұрғын үйлер салынбайды. Құрылыс мерзімі орта есеппен 1,5-2 жылға созылатынын ескерсек, нәтижелер келесі жылдан бастап көрінеді» деді Жеңіс Қасымбек.

Елордада жыл басынан бері 1650 абонентті қамтыған газ тарату желілері салынды. Елордада тұрғын алаптарды газға қосу жұмысы жоспарлы түрде жүргізіліп жатыр. Биыл Үркер тұрғын алабында газ тарату желілерінің құрылысы аяқталды.

ТҮРҒЫН АЛАПТАР ГАЗДАНДЫРЫЛДЫ

Нәтижесінде 1000 абонент табиғи газға қосылу мүмкіндігіне ие болды. 1 мың абоненттің қатарында Ақтамберді жырау көшесінің тұрғындары бар. Әкімдіктің баспасөз қызметі таратқан мәліметке сүйенсек, елді мекенді газдандыру процесі кезең-кезеңімен жүреді. Соңғы 2 жылда Үркердегі 5250 абонентке табиғи газға қосылу мүмкіндігі жасалды. Олардың қатарында жеке үйлер мен тұрғын үй кешендерінің тұрғындары бар.

Нұра ауданы әкімінің орынбасары Сәрсенғали Ақжолдатын айтуынша, алдағы 2 жылда елді мекендегі барлық жеке үй мен тұрғын үй кешені табиғи газбен қамтылады. Сол үшін 173 шақырым газ желісін салу жоспарланып отыр. Бүгінгі

таңда жоспарланған жұмыстың шамамен үштен бірі аяқталды. Газдандыру үйлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Бастысы, экологиялық жағынан таза. Сондай-ақ Family Village коттедж қалашығында 458 абонентке газ тарату желілері жүргізілді.

Сарыарқа мен Алматы аудандарында 194 үйге көгілдір отын жеткізетін газ тарату желілерінің құрылысы аяқталды. Алғашқысында – 137, ал екінші ауданда 55 үйге газ тартылды. Бұл жергілікті тұрғындардың өмір сүру сапасын едәуір арттырып, экологиялық таза жылумен қамтамасыз етті. Жалпы газдандыру қаланың экологиясын жақсартумен қоса, жеке сектор тұрғындарының өмір сүруіне қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ – БАҚЫЛАУДА

Астанада экологиялық ахуалды жақсарту бағытында атқарылып жатқан жұмыс аз емес. Жыл басынан бері осы бағытта 34 тексеру жүргізіліп, 4,7 млн теңге сомасына 16 әкімшілік айыппұл салынды. Бұл туралы ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Астана қаласы бойынша экология департаментінің басшысы Мұрат Баєтов мәлімдеді.

Өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаның тазалығы мен саулығы баршамызды алаңдататыны анық. Экологиялық реттеу және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асырумен айналысып келе жатқан мекемеде, негізінен, бес мемлекеттік қызмет көрсетілетіні туралы айта келе, департамент басшысы оларға жеке-жеке тоқталды.

– Ағымдағы жылы біздің департаментте 154 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Е-лицензиялау платформасына қоршаған ортаға әсер ету саласын айқындау және болжамды қызметтің салдарын скринингпен анықтау туралы қорытынды беру үшін барлығы 104 өтініш түсті. Оның 9-ы кері қайта-

рылды, 39-ынан бас тартылды. Қоршаған ортаға әсер ету нәтижелері бойынша қорытынды беру үшін барлығы 37 өтініш келіп түсті, оның 10-ы кері қайтарылды, 14-і бойынша оң шешім берілді, 1-еуінен бас тартылды, 1-еуі қаралуда, 5-еуі түзетуге жіберілді және бірінші санаттағы объектілерге экологиялық рұқсат беру мақсатымен департаментке 12 өтініш келіп түсті, оның 2-уі оң шешілді, 2-уі түзетуге жіберілді. Зертханалық-талдамалы бақылау барысында барлығы 69 сынама алынып, 282 анықтау жүргізілді, – деді ведомство өкілі.

Одан соң М.Баєтов Астана қаласы бойынша қоршаған ортаны сауықтыру жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспарына сәйкес биыл «Таза ауа»

іс-шарасы аясында атқарылған жұмыстар туралы баяндады. Айтуынша, есепті кезеңде 13 автокөлікке зертханалық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде 2 автокөліктен анықталған ластағыш заттарының белгіленген нормативтерден асу деректеріне сәйкес автокөлік иелеріне Полиция департаментімен шаралар қолданылды.

Департаменттің зертханалық-талдамалы бақылау жұмысы барысында I және II санаттағы объект операторлары тарапынан тапсырылған өндірістік экологиялық бақылау есептеріне талдау жұмысы тоқсан сайын жүргізіліп отырады. Ағымдағы жылдың 11 айында есеп тапсырмаған және уақытынан кеш тапсырған субъектілер бойынша мем-

лекеттік экологиялық бақылау бөлімімен зерделеу жұмысы жүргізілуде. Сондай-ақ тоқсан сайынғы өндірістік экологиялық бақылау есептіліктеріне және жыл сайын ұсынылатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есепке талдау жұмысы жүргізіліп отырады.

– Экологиялық бақылау шеңберінде есепті кезеңде 34 тексеру жүргізілді. 4,7 млн теңге сомасына 16 әкімшілік айыппұл салынды. Барлық айыппұл өндірілді. 16 жоспардан тыс, 16 профилактикалық бақылау, 2 талаптарға сәйкестігін тексеру, 46 құқық бұзушылық фактісі анықталды, 24 нұсқама берілді, 31 әкімшілік іс қозғалды. «Ғарыш сапарымен» бірлесіп өндіріс және тұтыну қалдықтарын рұқсатсыз орналастыру орындарын анықтау жұмысы жалғасуда. Нәтижесінде Астана қаласы аудан әкімдіктерінің 3 лауазымды тұлғасы әкімшілік жауапкершілікке тартылды, – деді Мұрат Баєтов.



Бетті дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

ИГІЛІГІ МОЛ ЖОБА

Астана қаласы әкімдігінің бастамасымен қолға алынған Joltar жобасы қазір елордалықтар арасында кеңінен танылып отыр. Аталған жоба арқылы тегін курс оқып, кәсіби дағдысын табыс көзіне айналдырып жатқан тұрғындар көп.

Жобаның игілігін көргендердің бірі – астаналық Анжела Қожниязова. Ол Joltar жобасында үш бағыт бойынша қысқа мерзімді курс оқып, жаңа мамандықтарды игерді.

Joltar жобасының аясында «Freelance мүмкіндік» деп аталатын бағдарлама нарықта сұранысқа ие және танымал цифрлық дағдыларды оқытуға бағытталған. Бағдарламадан курс қатысушылары SMM, таргет, видеография, мобилография, графикалық дизайн, маркетинг, сайттарды әзірлеу сияқты сегіз базалық біліктілікті игеріп шығады.

– Мен елордадағы жеке музыкалық мектептің басқарушысымын. Онда тұрғындар

фортепиано, гитара, домбыра және вокал бойынша сабақ алады. Жүзеге асырылып жатқан жұмыстарымызды көпшілікке таныстырып, контент түсіру үшін маған мобилография дағдысы қажет болды. Ал таргетологты үйрену арқылы мектебімізге айына 300-ден астам тапсырыс түсірдік. Графикалық дизайнды білуімнің нәтижесінде әлеуметтік желіге оқырманға тартымды макеттер жасай бастадым. Мұның бәрі жұмысымыздың алға жылжуына әсер етті. Осылайша Joltar жобасынан үш бағыт бойынша қысқа мерзімді курс оқып шықтым, – деді Анжела Маратқызы. Ол қала тұрғындарына



осындай теңдессіз мүмкіндік беріп отырған жобаның тиімділігін жоғары бағалады. Сондай-ақ жоба ұйымдастырушыларына сапалы білім бергені үшін зор алғыс білдірді.

– Бұл білім арқылы шынайы өмірде шын табыс таба алатыныма сенімдімін. Сондықтан елордалықтарға осы курстарға жазыласыздар, өкінбейсіздер дегім келеді. Бұл – сөзсіз қажет-

ті білім, – деді жоба қатысушысы.

Joltar жобасы аясында, жоғарыда аталған бағдарламадан бөлек, тігінші, кассир сияқты сауда, құрылыс және қызмет көрсету салаларына білікті жұмысшы мамандарды дайындайтын тегін қысқа мерзімді курстар да бар.

Көпшілік шоғырланатын жерлерде орналасқан «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттері азаматтарға тұрғын үй бағдарламалары, бизнес гранттары, әлеуметтік көмектер және жұмысқа орналасу туралы да ақпараттар береді.

Жалпы Joltar жобасы – елордада былтырдан бері жұмыс істеп келе жатқан әлеуметтік жоба. Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен жүзеге асырылып отырған оның мақсаты – халықтың табысын арттыру мүмкіндіктерін таңдауға көмектесу. Оған кез келген жұмыссыз жандар; NEET санатындағы тәжірибесі мен білім-білігі жоқ адамдар және табысын арттыруға мүдделі жандар тегін қатыса алады. Сабақтар қа-

жетті заттармен жабдықталған жеке оқу сыныптарында өтеді.

Қысқа мерзімді оқыту бағдарламасына 18-50 жас аралығындағы Астана тұрғындары қатыса алады. Оларға көп жылдық тәжірибесі бар мамандар сабақ береді. Жоба аясында оқу мерзімі үш күннен бір айға дейін созылады. Қатысушылар оқуды толық аяқтап, емтиханды сәтті тапсырған соң, әрқайсысына сертификат беріледі.

Joltar жобасына қатысу үшін байланыс орталығының нөміріне хабарласу қажет. Сонымен қатар жобаның «Баршаға мүмкіндік» деп аталатын модульдік бекеттеріне барып жазылуға болады.

Тұрғындар қаланың бос жұмыс орындары бар Jumys Tar Telegram-ботын пайдаланып, jumystar.kz платформасында тіркеле алады. Сондай-ақ олардың шағын бизнес ашуға арналған несие беру бағдарламалары туралы қысқа мерзімді курстан өтуге мүмкіндігі бар. Толық ақпаратты call-орталықтың нөмірі бойынша білуге болады: 8-707-221-31-31.

ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР ЖАНДАРДЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

ҚАНША АДАМ КӨМЕККЕ МҮҚТАЖ?

Қазақстанда барлығы 732 мың ерекше қажеттілігі бар адам тіркелген. Үкімет азаматтардың осы санатын қолдау және жайлы кедергісіз ортаны қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыруда. Мәселен, Әлеуметтік кодекс қабылданды, қазақстандық отбасылардың әл-ауқатына тұрақты мониторинг пен талдау жүргізуге мүмкіндік беретін Отбасының цифрлық картасы іске қосылды. Бұдан басқа, мүгедектігі ресімдеу тәртібі оңайлатылып, проактивті форматқа ауыстырылды, оны сырттай белгілеу енгізілді. Әлеуметтік қызметтер порталының жұмысы шеңберінде оңалту үшін қажетті техникалық құралдар мен ресімдерді таңдау мүмкіндігі қолжетімді.

Премьер-министр мүгедектігі бар адамдарды мемлекеттің қолдау жүйесі үнемі жетілдіріліп отыратынын тілге тиек етті. Өңірлерде оңалту орталықтары ашылууда. Өткен жылы Абай, Жамбыл және Түркістан облыстарында оңалту орталықтары ашылды. Батыс Қазақстан облысындағы орталық жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Ақтөбе облысының әкімдігіне оңалту орталығының құрылысын аяқтау үшін жұмыс қарқынын күшейту тапсырылды. Осындай орталықтарды Ақмола, Атырау, Жетісу облыстары мен Шымкент қаласында салу жоспарланып отыр.

Инклюзивті қалалық ортаны қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Бүгінгі таңда Қазақстанда мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктеріне инфрақұрылымның 45%-ы бейімделген. Олжас Бектенов нақты нәтижеге жету үшін көзбояушылыққа жол бермей, сапалы жұмыс жүргізу маңызды екенін атап өтті. «Мемлекет басшысы-

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында ерекше қажеттілігі бар (мүгедектігі) жандарды әлеуметтік қорғау мәселелері қаралды. Құзырлы министрлер мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру, медициналық көмек көрсету, оқыту және олар үшін кедергісіз орта құру мәселелері туралы баяндады.



ның тапсырмасы бойынша мүгедектігі бар жандарға қолайлы әрі жайлы орта қалыптастыру бағытында жоспарлы жұмыс жүріп жатыр. Нысандарды мүгедектігі бар адамдардың қарттардың ыңғайына қарай бейімдеу жұмысын күшейту қажет. Бұл, әсіресе әлеуметтік нысандарға, дәрханаларға, азық-түлік дүкендері мен сауда орталықтарына қатысты. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне құрылыстың сапасы мен жауапкершілікті арттыру үшін қолданыстағы стандарттарды қайта қарауды тапсырамын. Нормалардың сақталуын бақылау қажет» деп атап өтті Олжас Бектенов.

624 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

732 мың ерекше қажеттілігі

бар адамдардың ішінде балалардың үлесі – 15%, 18-ден асқан азаматтар – 85%. Олардың ішінде еңбекке қабілетті адамдар – 57%-ды, зейнет жасындағылар саны 27%-ды құрайды. Мүгедектігі бойынша әлеуметтік жәрдемақылар төлеміне 2024 жылы мемлекеттік бюджеттен 624 млрд теңге бөлінді (2023 жылы 522,1 млрд теңге). Мұндай ақпаратты Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің орынбасары Аскарбек Ертаев жария етті. Ол бүгінгі күні қоғамдағы инклюзияны көбіне аса қажет ететіндер мүгедектігі бар адамдар екенін айтты. Жыл сайын мүгедектігі бар адамдарды қолдауға шығындар әлеуметтік қорғалуы, инклюзивті еңбек нарығы және өндірістік орта, инклюзивті білім беру, қолжетімді көрсетілетін қызмет

Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыру аясында 2030 жылға дейінгі Инклюзивті саясат тұжырымдамасы әзірленді. Инклюзивті саясатты жүзеге асырудың жаңа тәсілдері мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын іске асыруға, мүмкіндіктерін кеңейтуге, олардың қоғамға толыққанды әлеуметтік ықпалдасуы үшін қажетті жағдайлар жасауға бағытталған пәрменді шаралар кешенін қабылдауды көздеді. «Жалпы, тұжырымдама жобасы 13 бағытты қарастырады, оның ішінде адамның теңдігі және кемсітпеу мәселесі, құқықтық тұрғыда қорғау және сот төрелігіне қол жеткізу, өмір сүру деңгейі және әлеуметтік қорғалуы, инклюзивті еңбек нарығы және өндірістік орта, инклюзивті білім беру, қолжетімді көрсетілетін қызмет

және кедергісіз орта және басқа да бағыттар бар» дейді А.Ертаев.

БАСПАНА ҚОЛЖЕТІМДІ МЕ?

Үкімет отырысында мүгедектігі бар адамдар үшін инфрақұрылым мен кедергісіз орта қалыптастыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндаған Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Қуандық Қажкенов қолайлы орта құру туралы айтты. «Бүгінде елімізде 56 мың бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар және 25 мың мүгедек балалар тәрбиелеп отырған отбасылар тұрғын үй кезегінде тұр. Оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында Министрлік мемлекеттік қолдаудың бірнеше тетігін іске асыруда. Жеңілдетілген ипотекалық несие бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін өтеу үшін азаматтарға тұрғын үй сертификаттары беріледі, олардың максималды сомасы 1,5 млн теңгеге дейін. Бұл тетік жергілікті бюджет есебінен іске асырылууда» деді Қ.Қажкенов.

Оның айтуынша, 1 және 2-топтағы мүгедектігі бар азаматтарға 474,8 млн теңгеден астам сомаға 423 сертификат және мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға жалпы сомасы шамамен 344,1 млн теңгеге 305 сертификат берілген. Министрліктің ақпаратына сүйенсек, 2022 жылдан бері Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша кезекте тұрған азаматтардың кейбір санаттарына, оның ішінде мүгедектігі бар адамдардың және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың жеке сектордағы тұрғын үйді жалдау құнының бір бөлігі субсидияланады.

Бүгінгі таңда 9 955 отбасы төлем алады, оның ішінде – бірінші және екінші топтағы

854 мүгедектігі бар азаматтар және 703 мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасылар. Кезекте тұрған азаматтар жеңілдетілген ипотекалық қарыздарды Отбасы банк арқылы 2% және 5% төмендетілген мөлшерлеменен ала алады. 2% мөлшерлемесі бойынша несие бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға беріледі. Қалған барлық санаттарға 5% мөлшерлемесі бойынша қарыздар беріледі. 9 айдың қорытындысы бойынша 5 746 азамат жеңілдетілген несие алды. Оның ішінде бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар азаматтар – 851, ал мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар – 644 адам.

«Қолданыстағы мемлекеттік қолдау іс-шараларымен қатар Министрлік тұрғын үй саясатын реформалау бойынша жұмыс жүргізуде. Қазіргі уақытта Парламенттің екі Палатасының депутаттары бұрын халықтың әлеуметтік осал топтарына, оның ішінде мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға және бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға сатып алу құқығынсыз берілген жалдамалы пәтерлерді жекешелендіру құқығын беру бойынша заң жобасын мақұлдады. Қолданыстағы тұрғын үй заңнамасына сәйкес бірінші және екінші топтағы мүгедектер коммуналдық тұрғын үйді тегін жекешелендіре алады» деп түсіндірді вице-министр.

Бұдан басқа, заң жобасы аясында мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға және бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға бірінші кезекті тұрғын үй алу құқығын беру қарастырылған. Осылайша, жоғарыда аталған іс-шаралар мүгедектігі бар азаматтардың тұрғын үй жағдайларын жақсартуға ықпал етеді.

Айгүл УАЙС

БАСҚА ПӘЛЕ – ТІЛДЕН


Осы ортаға түскен жаңалық жерде жатпайды, бірінен бірі іліп әкетіп, кейде түймедей нәрсені түйедей етіп, кейде болмайтын нәрсені тоқтамас дауға айналдыратыны да бар.

Айтарым бар деушілердің мәлімдемелері де осы желіде тарап жатады. Бұларды блогер деп те атап жүр, ол да дұрыс, не болғанда да айтары анықталған, айналасына сөзін қолдайтындарын жинап, өз саласында танымал біршама жетістіктерге жеткен, қоғамда орны да барлар да осы көшті алға бастап келеді. Басқа жұрт соның аузына қарайды.

Қарап отырсаңыз, жай өмірде аузынан ақ ит кіріп көк ит шығып жататындардан түңіліп-ақ кетесіз. Айтылған жерде қалсын дерсіз, енді солар мына әлемде мен де бармын деген көкірегін таудай етіп, сол арқылы әлемге танылууда. Мен бармын деген астамшылдығын білдіретіндер бір адамның емес, көптеген жұрттың санасын ұлап жатқанын біле ме екен?! Көпшілікті аузына қаратқысы келгендер тайынар емес.

Біреу аттан жығылса, немесе сүрініп кетсе айызы қанғанша, қаралайтындар барша адам баласына өшпенділік ұғытын шашып жатқанын түсінбейтін болар. Ғылымда оны «өшпенділік тілі» (hate speech) деп атайды. Өшпенділік тілі – нақты бір адамды немесе топты кемсітіп, жәбірлейтін, қорлайтын, ауыр сөзді айтады. Адамның шығу тегіне, діні мен әлеуметтік дәрежесіне, адами

Facebook – басқа әлеуметтік желілермен салыстырғанда өте ықпалды, қазақ қоғамының айтары бар, қызыл сөзге таласы бар «белсенділердің» басын құрайтын желі десек артық айтпағанымыз. Аталмыш әлемжелінің қазақстандық сегментіндегі трендсеттер ағылшынша, «Trendsetter», яғни трендті бастайтындар, пікірді қалыптастыратындар, қазақша айтқанда, «аузы дуалылар» осында отырады.



болмысының ерекшеліктеріне қарай бағытталады.

Басқа да әлем желілердің ішінде өшпенділік туғызып, жақыныңды жат қылатын ауыр сөздер тек ФБ қолда-

нылады. Оның себебін де түсінбедім. Бірақ шындық – осы. Кісінің кісіге өшпенділігі, бір-біріне жауығып қарауы бір сәтте пайда болмайды. Мысалдап кірген дерттей, әрбір айтылған сөз-

бен бірге санамыз уланып, жүрекке салмақ түсіреді. Бара бара адамның көзі қарайып, мен жақсымын, сен жамансың дегендей пікірі қалыптасады. Содан өзгеңің өрекетін айыптап, бүкіл қауымды бір-біріне қарсы қоюға жеткізетін де осы тіл болмақ.

Қазақ тілінің маманы Алмагүл Алтаева өзінің бір зерттеуінде өшпенділік тудыратын сөздердің тізімін жасапты. «Аққұлақ, орыс оңбаған, қара қытай, маңқа қазақ, қаңғыған сарт, келісектер, қара қытай, сәләфит, қысқа балақ, қаба сақал, сәләф, көпір, тексіз, қысық көз, негретоз, пәренжі кигендер, қаңғыған өзбек, сатқын қырғыз, сасық көріс, қаңғыған қырғыз, орлик, сатқын оралман, отанын сатқандар, жалқау қазақтар, пысықай оралман, моңғол, қалпақ, түк көрмеген, жыланның аяғын көрген, жұмыртқадан жүн қырыққан, қалмақ, тілсіз, дінсіз, тексіз, орысқұл, құлдық сана, құлдар, мамбет, қысық көз, табақ бет, сыған, қайыршылар, тәжік... Бұл бер жағы ғана. Қарап отырсаңыз, осы сөздерді қолданып жүргендер – қазақтың сөзі сүйемекте өтеді деген даналығын ұмытып, өзі ұялмаған кісінің бетін қан-жоса қылып жүргендер. Адамды алалап, этникалық, діни топтарды балағаттау, келемеждеу, олардың «өзгелігіне» баса назар аударту арқылы өшпенділік өртен өршітпек.

Бөлінгенді бөрі жейді, «біз және олар», «біздікі және өзге» деп бөлу, бірін-біріне қарсы қою – тек мәдениет-

тің аздығы ғана емес, жақсылыққа апармайтын құбылыс.

Тағы да мамандардың пікірін тыңдасақ, өшпенділік тілінің жиі қолданылуының алғы шарттары кеңестік дәуірдің жаракаттарымен байланыстырады. Ұлттық идентификация процесінің аяқталмауы, ескі жараның ашылып, жанжалдардың жаңғырығы, олардың интерпретациясы, құқықтық институттың да қаперсіз отыруы, ксенофобиялық насихат та адамдардың жүрегінде өшпенділік отын маздатып отыр.

Оның салдары қандай деген сұраққа дискриминация, репрессиялар, ашық жанжалдар, қоғамның жіктелуі, сенімсіздіктің артуына алып келіп, қоғамда үрейлер туғызады деп айтылууда.

Не болса да аурудың алдын алған жөн, аңдамай сөйлеген ауырмай өледінің керін келтірмей, әлеуметтік желілерді өшпенділікке толтырмай, адамдар мен ұлттардың арасын ашып, адамшылықтан тайдыратын әдеттен арылайық.

Ақпараттық сауаттылықты нығайту, өшпенділік сөздерінің түпкі себептерін жою, сөз бостандығының халықаралық стандарттарын ілгерілету арқылы мәдениетімізді көтеру, әлеуметтік желіде айтылған сөздің жазасы барын түсіну міндеті тұр.

Бұл өзі нәзік мәселердің біріне айналғалы қашан, елдің бәрiнің екі елі ерніне бес елі қақпақ қоя алмайсыз. Олардың сөзін «реттеу» мәселесі кез келген демократиялық мемлекетте ең даулы мәселелердің бірі болып табылады. Дегенмен қоғамда араздық пен өшпенділік тудыратын, жеке адамның басын қорлап, жала жабаудан сақтайтын құқықтық тәртібі орнап, оның қолданылатын шегін анықтаған кезде ғана сөз қадіріне жететін болармыз.



ҚАЗАҚЫ ТАҚЫРЫПТАҒЫ ҚОЙЫЛЫМ

Ауыл мен қала балалары. Бүгінде екеуі екі бөлек әлемге айналды. Асфальтта өскен ұрпақ ана тілінің уызына жарымай, бойларын еркіндік билеп, жат мәдениеттің ықпалына жығылды. Ауыл балалары, керісінше қазақы тәрбие көріп, көп жағдайда ұяңдық танытып, қарапайым қалпын сақтайды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Көрнекті жазушы, драматург Тахауи Ахтанов бұл мәселені осыдан жарты ғасырға жуық уақыт бұрын көтерді. Қалагердің 1976 жылы жарық көрген «Күшік күйеу» комедиясында ауыл мен қала жастары тәрбиесіндегі алшақтық сөз болады. Қазіргі қазаққа нағыз керек осы тақырыпты Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театры жаңғыртып, аталмыш туындының премьерасын ұсынды. Спектакльдің қоюшы режиссері – Жұлдызбек Жұманбай.

Азан шақырылып қойылған қазақы есімдерді қысқартып айту немесе адамды лақап атымен атау қазір көп кездеседі. Қойылымда, ең алдымен, осы мәселе қозғалады. Мәселен, кейіпкерлер қала балалары Көбейсін – Кубикке, Төребек – Тюрничикке, Ботагөз – Ботқаға айналып кеткен. Ал олардың ортасына түсетін ауыл баласының аты – Қабанбай. Ол өз есімін мақтан тұтса, жаңа таныстары атын естіп, «Қабан», «Қабанчик» деп әжуалайды. Сонда олардың қаперіне қазақ тарихында Қаракерей Қабанбай батыр болғаны салынады.

Аттары аталған қала жастары Ботканың үйінде жиі бас қосып, бастаңғы жасайды. Ал оның анасы Гүлжамалдың арманы – еркетотай қызын дұрыс жігітке ұзату. Ол құрбысы Биғайшаға: «маған Ботагөзім қатты уайым болып тұр. Араласатыны – кілең бір жын қаққан балалар. Шынымды айтсам, Ботқама қазақы қолдау, орнықты бір жігіт

тапсам деп едім. Өзі ондайға жоламайды. Орайын өзім келтірмесем. Соның жолын таба алмай басым қатып жүр. Елден келген баланың тәрбиесі бөлек қой» дейді. Қабанбай үйлеріне түскенде жерден іздегені көктен табылғандай қуанады.

Ал Қабанбай қалай бұл үйге түсіп жүр? Ол студенттік жатақханада тәртіп бұзып, содан шығып қалады. Еті тірі досы Бекболат оны алыс туысқаны Гүлжамалдың үйіне орналас-тырады. Жылпоз жігіт сөйтіп бір оқпен екі қоянды атып алғандай болып, Гүлжамалдың арманын білетіндіктен оған болашақ күйеу бала, ал Қабанбайға жататын үй тауып береді.

Сонда Қабанбай жалаңақ студент емес, диссертация қорғағалы жатқан жас ғалым болып таныстырылады. Қала жастарының ортасына түсетін Қабанбай олардың еркін қылықтарынан, жаргонмен сөйлеген сөздерінен шошып кетеді. Бірақ жатын үй керек болғандықтан, көндіуге тура келеді. Оның сыртында кейбір үй жұмысын да істейді. Сонысымен Гүлжамалға жағады.

Бұл үйге Ботканың құрбысы Алма да келіп жүреді. Оның анасы Биғайшаның да арманы – қызын ұзату. Бірақ ол Алманы бастықтың ұлы Кубикке бергісі келеді. Қабанбайды жатақханадан шығарғанда онда комендант болып жұмыс істейтін – осы Биғайша. Бірақ ол Қабанбайды шын есімі Жолдас Жалғасбаев деп біледі. Ал Гүлжамалдың үйінде кездескенде жігіт сақал-мұртын қырып тастағаннан кейін танымай қалады.

Қойылымда домбыра мен

гитараның айтысы, яғни ескі мен жаңаның, ауыл мен қала баласының тартысы әсерлі берілген. Сонда гитара былай сөйлейді:

Өтеген боп парызды Атавизм тәрізді Қарт шопанның ерінде, Коңерттің әр жерінде Шіңкілдеген домбыра. Хал-жағдайын сұрасаң, Құлағын сәл бұрасаң, Киіз үйін еске алып, Кең сарайдан жасқанып, Шіңкілдеген домбыра. Шалмен бірге марқайып, Кемпірмен бір қартайып. Күй атасын жүдетіп, Бірте-бірте күні етіп Күңкілдеген домбыра. Ал домбыра былай жауап береді: Ішін арақ өртеген Басы ауырып ертемен. Шишаларға көз сүзген Жолдас болып ессізбен Ыңқылдаған гитара. Тұрмай жатып төсектен, Иі жұмсақ, бос өкпе Шешесінен, сірә да, Ақша сұрап сыраға Қыңқылдаған гитара. Есіргеннің қойнында, Есерсоқтың мойнында, Дуалдардың түбінде, Жын-шайтанның тілінде Мыңқылдаған гитара.

Қойылымда күлдіре отырып, ойлаңдыратын осындай көріністер өте көп. Ең соңында өтірік ашылады, Қабанбай жас ғалым емес, студент екенін, Алмаға ғашық болып қалғанын айтады. Анасы Биғайша ойбайласа да, Алма да оның сезімін құп алады. Гүлжамалдың арманының да күл-талқаны шықса да, Қабанбай Ботқаға аға болып қалады.

Кейіпкерлерді сомдаған актерлер туралы да айта кетейік. Біреуді ерекше атап айтатындай емес, бәрі де бір ансамбльді құрап, жақсы ойнап шықты. Атап айтқанда, әдеттегідей қос құрамда Гүлжамалды Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бибігүл Исалиева мен Мәдениет саласының үздігі Ажар Шәкіржанова, Биғайшаны Мәдениет саласының үздіктері Гүлмира Жақилина мен Айжан Назарханқызы, Бекболатты Шыныбек Рахмашев пен Илес Көпбосын, Қабанбайды Ақжол Амантай мен Әли Ризабек, Ботканы Гауһар Жеңісова мен Сая Саят, Алманы Ақбота Мәкежанова мен Айбану Байболатова, Кубикті Алмас Асқарұлы мен Ермахан Дулатұлы, Тюрничикті Қазыбек Аманжол мен Нұржігіт Мүсілімов сомдады.

«S.O.S» СПЕКТАКЛІ НЕ ДЕЙДІ?

Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театрында нашақорлықтың алдын алуға және есірткі қылмысына қарсы іс-қимылға арналған жазушы, драматург Мәдина Омарованың «S.O.S» атты драма жанрындағы қойылымының премьерасы өтті.



Қойылым елордада есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспарды және нашақорлықтың алдын алу жөніндегі «Астана – есірткісіз қала» акциясын іске асыру шеңберінде ұсынылды.

Премьераға Астана қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Жаңабай Мейірманқұлов, Музыкалық жас көрермен театрының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров, композитор, продюсер Ринат Гайсин, сондай-ақ мектеп оқушылары және студенттер қатысты.

«Қойылымда бір отбасының басынан өткен жағдай баяндалады. Басты рөлдегі Айбар жұмыс таба алмай жүреді. Қиналып жүргенде есірткі сататын жігіттерге жолығып, жеңіл ақшаның соңынан кетеді. Соңында ұйып отырған бір отбасының шаңырағы ортасына түседі» дейді спектакльдің қоюшы режиссері, мәдениет саласының үздігі Аман Ғұмаров.

Спектакльде басты кейіпкер Айбар рөлінде Бибол Байғараев, Абзал Арапов болса, Айбарша рөлін Аружан Бағзат пен Арелана Амангелдиева сомдады. Ал анасының рөлін «Құрмет» орденінің иегері Майра Омар мен Ақниет Замзат орындады. «Бүгінгі спектакльде басты кейіпкерлердің бірі – Айбаршаның рөлін сомдадым. Ол – Айбардың қарындасы. Айбарша

ағасының жасаған қателігін жуып-шаю үшін есірткі қабылдауға мәжбүр болады. Жалпы біз Музыкалық жас көрермен театры болғандықтан, мектеп оқушылары, студенттер көре келеді. Сондықтан жастар арасындағы лудомания, есірткіге қарсы қойылған қойылымда зиянды әдеттердің зардабы көрсетілді» дейді актриса Аружан Бағзат.

Драмада әлеуметке ортақ проблема, қоғамның дерті – нашақорлық баяндалады. Оң мен солын танымаған жасөспірім

өзіне лайық орта іздейді. Театр ұжымы тағдыр тәлкегіне түсу әп-сәтте, адамзат тарихындағы қасіреттерді көбейтуші, зұлымдықтарды тудырушы, адамды аздырушы – апыын екендігін көрерменге жеткізе білді.

«Маған театрға қатты ой салды. Зиянды әдеттерден аулақ болуға тырысамын. Қойылымды көре отырып, әкенің, ананың, жалпы адамзаттың қадірін түсіндім» дейді мектеп оқушысы Қалдыбай Нұрғиса.

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ



ҚОҢЫР ҮНДІ АМАНАТ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның камералық залында «Сарыарқа» халық музыка ансамблінің «Қоңыр үнді аманат» атты күй кеші өтті.

Кеш барысында қазақ халқының баға жетпес музыкалық мұрасы мен Құрманғазы, Тәттімбет, Дина, Қазанғап, Сүгір сынды ұлы күйшілердің жауһар туындылары орындалды. Сонымен

қатар, көрермендер сирек естілетін халық күйлерінің ерекше сарынын тыңдап, қазақтың көне аспаптарының – қобыз, адырна, тастауықтың сырлы үнімен танысты. Кешке Қазақстанның еңбек

сіңірген қайраткері Жанғали Жүзбай, Мәдениет саласының үздіктері Еділ Басығараев, Қайрат Айтбаев, Ерболат Сапуанов, арнайы қоңақ – Қытайдан шақырылған күйші Қызырбек Жанасыл қатысты.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы № 505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес, «кіріктірілген үй-жайлары мен паркінгі бар көпкөпәтерілі тұрғын үй кешені, эт.17 орналасу бөлігінде, Астана қаласы, Нұра ауданы, Қ.Мұхамедханов және І.Омаров көшелерінің қиылысы ауданында орналасқан. Тапсырыс беруші «Kobe Veap» ЖШС.

Астана қаласы, Нұра ауданы, ДА-2, ДА-9, ДА-1, ДА-8 көшелерінің квадратында орналасқан «2000 білім алушыға арналған жалпы білім беретін мектебі объектісін», «жалпы білім беретін математика мектебі» объектісіне өзгерту бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша. ММ

Тапсырыс беруші «Астана қаласының құрылыс басқармасы».

Астана қаласы, Нұра ауданы, Е11 және Е 27 көшелерінің қиылысында орналасқан «білім беру орталығы, автосервиси және халыққа қызмет көрсету объектілері паркінгі бар» дегеннен «Абаттандыру» объектісіне өзгеріс бөлігінде Тапсырыс беруші «Нұра ауданы әкімінің аппараты» ММ.

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 7 ақпан сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде s.alkuatova@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

№153 (4741) 24/12/2024 Сейсенбі

12 МЫҢ КӨРЕРМЕН ТАМАШАЛАДЫ

«Астана Опера» балет труппасы Дубайда хореограф Юрий Григорович қойған П. Чайковскийдің «Щелкунчик» балетін сахналады. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен өткен бұл гастрольдер елордалық театрдың биылғы шетелдік турларының қорытындысы болды. Спектакльді 12 мың көрермен тамашалады.



Қойылымның хореографиясы бастапқыдай қалуы үшін «Астана Опера» труппасымен гастроль алдында Юрий Николаевич Григоровичтің ассистенттері Руслан Пронин мен Оксана Цветницкая жұмыс істеді.

Спектакльді театрдың симфониялық оркестрі италиялық маэстро Джузеппе Акуавиваның жетекшілігімен сүйемелдеді. Айта кету керек, спектакльдің былтырғы жетістігінен кейін «Астана Опера» балет труппасының көркемдік

жетекшісі, әлемдік балет жұлдызы Алтынай Асылмұратова бастаған қазақстандық труппаны Дубай театры қайта шақырды.

Труппа 6 спектакль ұсынады, олардың әрқайсысы аншлаптен өтеді деп жоспарланып отыр.

Қойылым күндері көрермен ерекше атмосфераға сезінуге мүмкіндік алады.

Хореограф дайындаған жеке нөмірлер, атап айтсақ, мүлгіген қысқы табиғаттың таңғажайып бейнесін көз алдына әкелетін ақ

ұлпа қар бұршіктерінің биі ерекше сектерге де, балаларға да зор әсер қалдырады. Классикалық хореография, символизм, қиял-ғажайып бейнелер мен Симон Вирсаладенің көркемдік безендіруі бұл балетті шынымен ұмытылмастай етеді.

ШАҢҒЫ ТЕБУ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ

Астанадағы Орталық саябақта шаңғы тебу маусымы ресми түрде ашылып, шаңғы тебуден жарыс өтті.



Жарысқа қатысушылар жас ерекшелігіне қарай 500 метрден 2,5 км қашықтыққа дейінгі аралықты бағындырды.

Ұйымдастырушылар бұл жарыс – таза ауада шаңғымен жүріп, ұлттық ойындар бойынша тартысты бәсекеге қатысуға және күні бойы қуат алуға тамаша мүмкіндік екенін айтады.

«Биылғы қыс шаңғы жарысын өткізуге өте ыңғайлы. Шаңғы маусымының ашылуы осы уақытқа жоспарлаған себебіміз – ауа райына байланысты болды. Себебі қардың қалыңдығы шаңғы жолын жоғары деңгейде жасауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда астанамызда шаңғы спортымен айналысатын адамдардың саны өте көп. Бүгін де

шаңғы маусымының ашылуына еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін қатысып жатыр. Мысалы, ең қарт қатысушымыз – 83 жаста. Сонымен қатар, бүгін шаңғы жарысынан бөлек, шаңғы маусымының ашылуында белбеу күресі, қол күресі, арқан тартыс, тір тасын көтеру бәсекесінен де сайыс ұйымдастырылды» деді Астана қаласы әкімдігінің Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясының іс-шараларды жоспарлау бөлімінің басшысы Көлбай Жанбек.

Сондай-ақ жарыстың соңында әр жас шамасына қарай жүлдегерлер дипломдармен, медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФУТБОЛ ТУРНИРИ АЯҚТАЛДЫ

Астанада 2015-2016 жылы дүниеге келген балалар мен жасөспірімдер арасындағы футболдан республикалық турнир мәресіне жетті.

№8 Балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебінің жасыл алаңында өткен доп додасына 16 команда қатысып, финалда «Фабрика футбола» командасы FC Family-ді (Астана қаласы) 3:1 есебімен сенімді түрде жеңді. Жеңімпаздар өздерінің бұл жеңісі оңайлықпен қолға келмегенін айтады.

«Үш күнге жалғасқан турнир қызықты өтті. Бірнеше жаңа қарсыластар болды. Атап айтсам, «Елімай» (Абай облысы), RB Arman (Павлодар облысы). Бұған дейінгі турнирде чемпион болғанмызды ескерсек, қайтадан 1-орын алу қиынға соқты. Финалда FC Family ко-



мандасын 3:1 есебімен жеңіп, бір гол соқты. Өзге ұжымдарға қарағанда шабуылда және қорға-

ныста жақсы ойнайтынымызбен ерекшеленеміз» деді топ жарған «Фабрика футбола» команда-

сының мүшесі Диас Сайлаубек.

Ал турнирдің қорытындысы бойынша «Фабрика футбола» командасы 1-орын, FC Family (Астана қаласы) күміс жүлдені, RB Arman (Павлодар облысы) қола жүлдені иеленді.

Ал жас футболшылардан Ерхан Берікболсын «Үздік қорғаушы», Қанат Ақназар «Үздік ойыншы», Нұрасыл Қапас «Үздік қақпашы», Дияр Нұркен «Үздік шабуылшы», Жұмабек Хазрет «Үздік жартылай қорғаушы» номинациялармен марапатталды.

20-22 желтоқсан күндері өткен доп додасына Астана қаласынан бөлек, Алматы қаласы, Шығыс Қазақстан облысы, Абай, Павлодар, Қарағанды, Ақмола, Қостанай облысының жас спортшылары қатысты.

Қанат БАЙҰЗАҚ

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?



«ЖАҢА ЖЫЛ ЖҰМБАҒЫ»
23, 26 желтоқсан күндері
«Жастар» сарайы



«КҮЛШЕККІЗ ЖӘНЕ
ҒАЖАЙЫП ҚАР»
24 желтоқсан 16:00
Астана қуыршақ театры



«ГАУНАРТАС»
24, 25 желтоқсан 19:00
Жас көрермендердің музыкалық театры



«БАРЫС» ХК –
ЖЕЛТОҚСАН МАТЧТАРЫ
24, 26 желтоқсан күндері
«Астана Арена»



«ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ
БӨБЕКЖАЙ» ҚОЙЫЛЫМЫ
23, 25, 27 желтоқсан күндері
Мимимория, «Сарыарқа»
сауда, ойын-сауық орталығы